

Г.А. Камишева^{1*}, Г.С. Оралова¹, А.Т. Төлебаева¹, Н. Йылдыз²

¹Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда, Қазақстан;

²Қажы Байрам Вели университеті, Анкара, Түркия

(E-mail: kamisheva_gulnur@mail.ru; gulzi-oralova@mail.ru; aidyn42@mail.ru; yildiz.naciye@gmail.com)

Ислам дініндегі білімнің статусы мен құндылығы және киелілер культі

Мақалада білім берудің мұсылмандық үлгісі ең алдымен Құран мен Сүннетке, сондай-ақ ертедегі мұсылман ойшылдарының ғылыми және теориялық жетістіктеріне негізделетіндігіне мысалдар арқылы дәлелдер айтылып, ғылыми тұжырым жасалған. Ғалымдар адам өмірінің тұтастығын ғылым-білімнің философиялық, мәдениеттанымдық, этикалық, дамытушылық біртұтастығымен байланыстырады. Сонымен қатар ислам философиясындағы білім мен ғылымның негізі болған Құран құндылықтарының мәні ашылған, талданып көрсетілген. Ислам дініндегі білім мен оқытудың педагогикалық жүйесі кез келген жастағы адамның жеке басын қалыптастыруды, тәрбиелеу мен білім беруді басшылыққа алатынын мәдениеттану, дінтану шеңберінде зерделейді. Исламда білім берудің түпкі мақсаты әдепке негізделеді және адамгершілікті қалыптастыру болып саналады. «Адаб» ұғымы адамның рухани және материалдық болмысын, оның әлеуметтік қатынастарын қамтиды. Ғалымдар бұл ұғымды даналық (хикмат) көзінен алынған білім негізінде қалыптасатын лайықты мінез-құлық ретінде түсіндіріп, жоғары қасиеттердің қалыптасуы мен дамуы адамды қателіктен қорғайды деп есептейді. Исламдағы ғылым мен білім жүйесінің негізгі қағидаттарының бірі осында жатыр. Авторлар мақалада мұсылман өркениеті классикалық кезеңінің базистік аспектілеріне қатысты ислам құндылықтары мен институттарын реформаторлық-модернистік тұрғыдан анықтап, талдаған. Сонымен қатар постклассикалық исламдағы киелілер культі мен киелі орындарға деген қарым-қатынас мәселесі және исламдағы білімнің даму тарихы мен қазіргі кезеңдегі ғылымның негізгі қағидаттары зерттелген. Рухани мектептердің ролі мен ғалымдардың исламдық дүниетанымы рухани қазыналар қатарында болатыны анықталған.

Кілт сөздер: Ислам, Құран, адаб ұғымы, білім, ғылым философиясы, әулие-әмбие, мазар, медресе, сүре, аят.

Кіріспе

Тарих беттеріне үнілсек, мұсылман өркениетінің қалыптасуы араб халифатының пайда болуымен, дамуымен тікелей байланысты. VII ғасырда жаңадан пайда болған ислам солтүстіктегі Орта Поволжьеден оңтүстіктегі Мадагасқарға, батыстағы Африканың Атлант жағалауынан шығыстағы Азияның Тынық мұхит жағалауына дейін таралды. Эллиндік Жерорта теңізін үнді-иран әлемімен біріктірген Ескендір Зұлқарнайын дәуірінен кейін араб халифаты бес ғасырдан астам уақыт бойы әлемдік өркениеттің материалдық және ғылыми-философиялық орталығы болды. 1258 жылғы монғол шапқыншылығынан кейін Бағдалдың құлауы мен Аббасидтер халифатының жойылуы ислам өркениетінің құлдырауына әкелді. Кезіндегі ортақ мәдени кеңістік араб, иран, түрік және т.б. аралдарға бөлінді. Дегенмен де ислам дінінің бейбітсүйгіштік, ынтымақтастық сияқты идеалдары оның үмметтерінің саяси, этникалық және мәдени сепаратизміне қарамастан, олардың рухани бірлігін қалыптастырды. Қазақ жерінде де «әлімсақтан мұсылманмын» деп ислам дінін өзінің ежелгі дәуірлерден келе жатқан салтымен, дәстүрімен байланыстыра, адамзатқа ортақ құндылықтарды игере отырып, кейінгі ұрпағына да үлгі-өнеге ету дәстүрі бар.

Ислам өркениетін зерттеудің өзіндік ерекшеліктері бар. Бұл базалық құндылықтары мен институттары діни канондармен тікелей байланысты жалғыз өркениет. Ислам әдебиеті және жалпы мәдениеттанулық әдебиеттерде мұсылман өркениетін әлемдік, монотеистік, жерорта теңіздік, шығыстық, батыстық немесе аралық өркениет деп атайды. Батыстық деп атайтындар мұнда мұсылман өркениеті мен антикалық ғылыми-философиялық мұраның компоненттері кездесетіндігін айтады. Ал, мұсылман өркениетінің аралық типі тарихи тұрғыдан алғанда да (антикалық пен қайта өрлеу дәуірлерінің аралығы), географиялық жағынан (батыс пен шығыс) да атауына сай келеді.

Әлемдік өркениеттің құрамдас бөлігі ретіндегі мұсылман мәдениеті адамзат тарихында маңызды орын алады. Мұсылман мәдениетінің құндылықтарына талдау жасағанда, жеке тұлға немесе әлеумет-

* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: kamisheva_gulnur@mail.ru

тік топ ретіндегі мұсылман өркениеті өкілдерінің өмір салты мен іс-әрекеттерінің рухани жағына басты назар аударуымыз қажет.

Зерттеушілер ислам өркениетінің алтын ғасыры ретінде IX-XII ғасырларды айтады. Дәл осы кезеңде ислам мәдениеті әлемдік өркениеттің рухани және материалдық деңгейін анықтайтын дәрежеде еді. Оның құрылымдық элементі ретінде ғылымды ғана емес, таным сипатын, әлемнің гносеологиялық бейнесін анықтайтын идеологиялық ағымдарды да айтамыз.

Оларда адамның өмір сүруінің түпкілікті негіздеріне ислами дүниетанымында көрініс тапқан оның өзіндік болмысымен, ғарышпен байланысына қатысты белгілі бір құндылықтар мен идеялар жиынтығынан тұратын парадигма бар.

Мұсылман діні бойынша Құран — мұсылманның діни өмірінде ғана емес, күнделікті тіршілігінде де маңызды орын алады. Өйткені мұсылман догматикасы, культі, құқығы мен әлеуметтік-этикалық доктринасы осы Құранға негізделген. Қасиетті кітаптың фундаменталды маңызы туралы көптеген еңбектер жазылған. Құранды оқу, оның аяттарын жатқа білу, мағынасын терең түсіну әрбір мұсылманның абыройын арттыратыны сөзсіз. Өйткені адамның дүниеге келіп, оған азан шақырып ат қойғаннан бастап, о дүниеге шығарып салуға дейінгі бүкіл өмірі осы киелі кітаппен тікелей байланысты болады.

Мұсылман мәдениеті әлемдік мәдениеттің құрамдас бөлігі ретінде адамзат өркениеті тарихында елеулі рөл атқарды және әлемнің әр түрлі елдерінде өмірінің түрлі салаларына елеулі ықпал етуді жалғастыруда. Мұсылман мәдениетінің құндылықтарын талдай отырып, мұсылман өркениеті өкілдерінің яғни жеке адамдар мен әлеуметтік топтардың іс-әрекеттері мен өмір салтында ұстанатын рухани бағдарларды да атап өту маңызды. Ислам мәдениетінің негізгі құрылымдық элементтері ғылым ғана емес, әлемнің гносеологиялық бейнесін танудың, түсіндірудің сипатын және түсінуге болатын саланы айқындайтын құндылықтық-идеологиялық ағымдар болды. Бұл ағымдар адам жаратылысының негізін анықтайтын ислами дүниетаныммен мазмұндас. Исламдағы кез келген мәселені шешу біліммен тікелей байланысты. Осы орайда Мұхаммед (с.а.с.) пайғамбардың «Тіпті алыс Қытайдан да білім іздеңіз» деген белгілі сөзін еске салған жөн. Америкалық шығыстанушы Ф. Роузенталдың бағалауынша, араб-мұсылман мәдениетінде «білім» басқа өркениеттерге қарағанда, аса маңызды болған [1]. Сондықтан біз зерттеуімізде мұсылман өркениетінің рухани құндылығы ретіндегі Құрандағы интеллектуализмге, исламдағы білім культіне және ислам құндылықтары тұрғысынан қастерлі деп саналатын орындардың діни маңызына тоқталамыз.

Әдістері

Құран ілімінің Алла тарапынан берілетіндігі, әрбір білімнің иманмен байланысты болатынын, ғылымның негізі Құраннан көрінетінін талдап, зерделеуде Алланың пайғамбарларды «уахи» арқылы біліммен сусындатқан құдіреттілігін, адамдарды жаратқанда ғылым саласынан бейхабар етіп, оған көретін көз, еститін құлақ, ойлау қабілеттерін иемденіп, осы қасиеттерді ғибрат алу, білім алу, ғылым, білім игеруге жұмсай алса жетістіктерге жете алатынын танытатынын Құран сүресіне назар аудару арқылы талдап көрсетуге тырыстық.

Тарих, саясат, экономика және мәдениет саласында әртекті халықтарды біріктіретін элемент ретінде дінді айтуымызға болады. Ислам — адамдардың өмір салты, олардың қарым-қатынасы, қоғамдағы, жалпы әлемдегі іс-әрекеті мен дүниеге көзқарасы. Ислам өркениеті адамзатты біріктіруге бағытталған. Бүгінгі күні ешбір дін Ислам сияқты талқылау мен талдау нысаны болған емес. Сондықтан классикалық және постклассикалық исламдағы құндылықтар жүйесін зерттеуді маңызды мәселе деп санадық. Осы себепті зерттеу материалы ретінде Құран Кәрім, Мұхаммед пайғамбар (с.а.с.) хадистері мен ортағасырлық ойшылдардың еңбектері пайдаланылды.

Негізгі әдіс ретінде жалпы ғылыми зерттеулерге тән бақылау, сипаттау, жалпылау, топтастыру, сипаттама жасау, жүйелеп салғастыру, түйіндеу, талдау әдістері қолданылды.

Әдебиетке шолу

Ислам діні тарих сахнасына көтерілгеннен бері ғылым мен білімнің, өркениеттің қайнар көзі, сарқылмас бұлағы екендігі мойындалып жүр. Ислам философиясын, құндылықтары мен өнерін дамытуда ислам діні Орта Азия елдерінің өзінен-ақ Әбу Насыр әл-Фараби, Әбу Әли ибн Сина, Әбу Райхан әл-Бируни, Ұлықбек, Мұхаммед Захир әл-дин Бабыр, Мұхаммед Хайдар Дулати секілді ғылымның көптеген саласында мол еңбек қалдырған ғұламаларды, қоғам қайраткерлерін беріп, ғылымды

меңгеріп, адамзатқа пайдасы зор боларлық ілімді меңгертті. Ислам білімі мен ғылымы қажырлы еңбек еткен ғұламалар, ғалымдар арқылы қалыптасып, дами түсті.

Мұсылман әлемінің барлық негізгі философиялық және қоғамдық-саяси ағымдары саяси проблемаларға қатысты өздерін бір ғана ерекше таным мәнімен шектемей, философияға — философиялық, құқыққа — заңдық, адамгершілікке — этикалық тұрғыдан келетін саяси теорияларды да жан-жақты қарастырды. Осылайша, шарият нормаларына сәйкес мұсылман мәдениеті білімнің тұтас, кешенді идеалына бағдарланды. Мысалы, ортағасырлық ойшыл Имам Абу Мухаммад әл-Газалидің «Діни ғылымдардың қайта өрлеуі» [2] атты еңбегін философиялық, құқықтық, діни, лингвистикалық және мәдени танымдық бағыттағы синергетикалық зерттеу деп санаймыз. Зерттеу жұмысы барысында осы еңбектегі негізгі тұжырымдар мақаламыздың негізгі идеясы болды.

Мұсылман қоғамының білімді бөлігінің құндылық бағдарының сипатын *адаб (әден) әдебиеті* бойынша да айтуға болады. Әңгіме мәдени және білімді адамның бейнесін беретін әдептер туралы болып отыр. *Адаб* — зайырлы және діни ғылымдарды, атап айтқанда философияны, астрономияны, математиканы және мінез-құлықтың белгілі бір үлгісін білуді талап ететін білімділік пен тәрбиелілік нормаларының жиынтығы [3]. Оның көрнекті өкілдері аль-Джахиз, Ибн Кутайба, Абу Хайян ат-Таухидидің еңбектері де классикалық исламның негізгі құндылықтарының мәнін ашуға септігін тигізді. Сонымен қатар мақалада түсінік берілетін әрбір ой, әр ұғымды Қасиетті Құран Кәрім сүрелерінен мысал келтіру арқылы нақтылып отырдық.

Ислам өркениетін үш кезеңге: 1) негізгі құндылықтар мен өркениет институттары; 2) өркениеттің тарихи динамикасы (жаңа замандағы жаңғыру дәуірін қоса алғанда); 3) жаһандану дәуіріндегі өркениетті (соңғы үш онжылдық) бөліп қарастыру және оның өзіндік ерекшеліктерін айқындау зерттеу жұмысымызға тың серпін берді [4].

Нәтижелері және талқылау

Дүние жүзіндегі әрбір ұлттың рухани байлықтары олардың діни таным-түйсігімен, діни құндылықтарымен ұштасып жатады. Ислам құндылықтары да адамзат тарихының, мәдениетінің ажырамас бір бөлігі. Ислам құндылықтарының негізі — Құран. Онда Алла тағаланың өзіндік сипаттары, Алла тарапынан адамзатқа ұсынылатын құндылықтар, Алланың адамзаттан қалайтын нәрселері, адамның жауапкершілігі, адам өмірі, ахиретті ұғындыратын адам әрекетін жақсылыққа бағыттайтын т.б. ілімнен тұрады.

Исламның білім мен ғылым жүйесі сүйенетін негізгі қағидаттар орта ғасырларда әзірленген болатын. Білім берудің мұсылмандық үлгісі бірінші кезекте Құран мен Сүннетке, сондай-ақ Әбу-Әли ибн-Сина, Насиретдин Түсси, Әбу Насыр әл-Фараби, Имам әл-Газали сияқты мұсылман ойшылдарының ғылыми және теориялық жетістіктеріне негізделді. Ғалымдар (исламда — әлімдер) адам өмірінің тұтастығы мен оның барлық аспектілерінің: дүниетанымдық, мінез-құлықтық, этикалық және т.б. біртұтастығына сүйенеді.

Араб терминологиясында — «Усулу та 'лим», «Тарбийату та' лим» — білім («ильм, ма'рифат»), даналық (хикмат), тәрбие (тәрбие), ақыл-ой (фахм), диалектикалық ойлау (акл), әрекет (амал) сияқты терминдер пайдаланылады. Бұл ұғымдардың барлығы кең мағыналы және исламды ұстанатын барлық халықтар қолданады. Осылардың ішіндегі «адаб» ұғымы адамның рухани және материалдық болмысын, оның әлеуметтік қатынастарын қамтиды. Араб тілінен аударғанда жоғары адамгершілікті, жақсы тәрбиені, қайырымдылықты, айналасындағылармен сыпайы қарым-қатынасты, қарапайымдылықты білдіреді. Ғалымдар адаб ұғымын даналық (хикмат) көзінен алынған білім негізінде қалыптасатын лайықты мінез-құлық ретінде түсіндіреді. Отбасында тәрбиелеу, мектептер мен медреселерде, кәсіптік оқу орындарында білім беру процесі — мұның бәрі адамда «адабты» қалыптасуы жолдары болып табылады. Демек, жоғары қасиеттердің қалыптасуы мен дамуы адамды қателіктен қорғайды. Осы тұрғыдан алғанда адам үшін білімнің мәні арта түсуде.

Қасиетті Құранның негізі мен оның басқа діни кітаптардан айырмашылығын және классикалық ислам мәдениетін көрсететін басты белгісі — оның рационалдық бағыты. Исламдағы рационализм оны ұстанушылардың ақылмен/ғылыммен өмір сүргісі келетіндігінде. Құранды адамдар өмір сүру үшін нұсқаулыққа, басшылыққа алады және олардың қызметінің барлық салаларын қамтиды. Білім алу — адам өмірінің барлық саласына әсер ететін маңызды функцияларының бірі. Исламда білім тәрбие, қабілеттерді дамыту, оқуға үйрету, айналанды құрметтеу және этикалық нормаларға үйрету дегенді білдіреді. Сондай-ақ бұл ұғым жоғары адамгершілік, сыпайылық, өмірді білу мағынасында да пайдаланылды. Біздің дініміз білім алуға үлкен мән береді. Құранда дін мен ғылым арасында қайшы-

лықтар жоқ. Егер ғылым қандай да бір білімді қалай қолдануды үйретсе, онда дін оны пайдалану әдебінен үйретеді. Себебі ол адамға Жаратқан туралы хабарлайды және оны адамзатқа жіберетін заңдарды зерттеуге шақырады. «Табиғат заңдары» деп аталатындар да, діни ұйғарымдар да бір нәрсе. Ол заңдар немесе діни ұйғарымдар мен ғылыми жетістіктер түрінде көрсетілетін адамзаттың жердегі өмір сүрудің дұрыс тәртібі. Демек, осы құндылықтар жүйесі өркениеттің негізін құрайды.

Ислам адамзат Алланы, ақиқатты бұрынғыдай қарапайым сакральды-револютивті түрде танип-танайды емес, интеллектуалды тұрғыда пісіп-жетілген тұста пайда болды. Осыдан кейін классикалық ислам мәдениетінде (эл-илм) العلم — ғылым-білім маңызды болды. Қазіргі зерттеушілердің пікірінше, адамды білім алуға Құран ұмтылдырады екен. Мысалы, танымал шығыстанушы Франц Роузенталь өзінің «Торжества знания» атты жұмысында Құранда «білу» (арабша — «ильм») сөзімен түбірлес сөздер саны шамамен 750 рет кездеседі, бұл оның сөздік қорының 1% -ын құрайды [5; 21]. Ғалым «білімнің салтанаты» айқындаушы белгі, орта ғасырдағы мұсылман әлемінің доминанты болды деп санаған.

Философияда білім екі бағытта зерделенеді. Бірінші бағытта (өкілдері: Ф. Бэкон, Дж. Локк, Д. Юм, Дж. Беркли) танымның, логонь және антропоцентризмнің иррационалды тәсілдеріне көп көңіл бөлінсе, екіншісінде білім шынайы бар және негізделген пікір ретінде қарастырылады (өкілдері: Р. Декарт, Б. Спиноза, Г. Лейбниц). Олардың арасындағы талас білім сезімге сүйенген тәжірибе ме әлде ақыл-ой қызметі ме деген сұрақ төңірегінде болды. Сонымен бірге тарихтың әртүрлі даму кезеңдерінде білімнің белгілі бір түрлерінің мәдени заңдастырылуын атап өткен жөн. Жаңа кезеңдегі еуропалық ғылымда тәжірибе мен эксперимент білімнің негізгі көздері болса, ислам елдерінде білім дәстүр мен түсінік беруге сүйенді.

Муфассирлер (Құранды түсіндіруші мамандар) адам бастапқыда туа біткен немесе жүре пайда болған ақыл-ой мазмұнынсыз, яғни қоршаған орта туралы қандай да бір мәліметтері жоқ «tabula rasa» түрінде дүниеге келеді, кейін ол қоршаған әлемді тәжірибе, сезімдік қабылдау және ақыл-ой арқылы танытынын атап өтеді. Сенім мен ақыл-ой арақатынасы мәселесі ұлттық мемлекеттердің қалыптасуы және адам өмірінің көптеген жақтарын секуляризациялау дәуіріндегі негізгі проблемалардың біріне айналды. Ислам ғалымдары бұл мәселені реформаторлық және дәстүрлі тұрғыдан шешуге тырысты.

Құранның шамамен 750 аяты немесе сегізден бір бөлігі оқырмандарды табиғатты, тарихты, Құранның өзін және жалпы адамзатты зерттеуге үгіттейді. Құран мәтінінде білімді, оқыған адамдарды тыңдаушылар — *йасма'ун*, ойланушылар — *йатафаккарун*, терең ойшылдар — *йатадаббарун*, қырағылар — *йанзурун*, ақылдылар — *йа'қилун*, назар салып, есте сақтаушылар — *йатазаккарун*, ізденушілер — *йас'алун*, сұңғылалар — *йатафаккахун*, білушілер — *йа'ламун* деп бірнеше топқа бөледі. Бұлардың бәрі де білімді әдіснамамен шектелмей, терең оймен алу керектігін білдіреді. Жалпы ислам басынан бастап мұсылман мемлекеті мен қоғамдық құрылыстың идеологиялық негізі қызметін атқарды. Ислам дінінің қағидаттары бойынша мемлекеттік басқару мәселелері, шаруашылық өмірді реттейтін заңдар, мораль мен этика нормалары, бүкіл мұсылман қауымының өмір тәртібі қалыптасты. Әрине, кез келген мемлекетке, соның ішінде мұсылман мемлекетіне қажетті ғылым, техниканы дамыту мәселелері ислам доктриналарында көрініс тапты.

Ортағасырдағы мұсылман ойшылдарының бірі Әбу Хамид әл-Ғазали (XI ғасыр) мемлекет пен қоғам ғылым мен техниканың дамуына мұқтаж деп есептеген. Ол математиканың, логиканың, физиканың, медицинаның маңызын жоғары бағалап, адамзатқа бұл ғылымдардың аса қажеттілігін айтады [2; 80]. Алайда әл-Ғазали ғылым мен ғылыми-техникалық дамудың дүниетанымдық аспектілері діннің бақылауында болуы тиіс деп есептеген. Ол дінге кез келген ғылымды жоққа шығару арқылы көмектесуге болады деп ойлаған «исламның білімсіз достарын» қатаң сынға алды. Ол «нағыз бақыт — ғылым» деп жазды. Әл-Ғазали ғылымға рухани және практикалық тұрғыдан қарайды. Ойшыл ғылымды адамға ешқандай пайда әкелмейтін жалған ғылымдар және пайдалы ғылымдар деп екіге бөледі. Алғашқыларына сиқыршылық, астрология және жұлдыздар бойынша болжам жасауды жатқызса, екінші ғылым тобы былайша жүйеленген:

- 1) Құран және діни ғылымдар, мұсылман құқығы, дәстүрлер мен түсініктемелер.
- 2) Лингвистикалық ғылымдар және араб тілінің грамматикасы және лексикологиясы. Бұл ғылымдар да теологияға қызмет етеді.
- 3) Міндетті білім — бұл медицина, арифметика, түрлі қолөнер және олармен байланысты саясат туралы ғылымдар.
- 4) Мәдениет туралы ғылым, әдебиет, тарих, жаратылыстану ғылымдарының кейбір салалары [6; 198].

Жоғарыда баяндалғаннан әл-Ғазали теологияны ғылымнан ажыратпайтыны анық байқалады және ғылым мен ғылыми-техникалық прогрестің дүниетанымдық аспектілері діннің бақылауында болуы тиіс деп есептейді.

Мұсылман теологтары исламның адамзат мәдениетінің, ғылымның және ғылыми-техникалық прогрестің тарихи жетістіктерін заманауи мәдениетпен және ғылыми жетістіктермен үйлестіре алатынына баса назар аударады. Бұған мысал ретінде орта ғасырлардағы мұсылман елдерінің математика, медицина, философия және т.б. ғылым салаларындағы жетістіктерін айтуға болады.

Мұндай табыстың басты себебі мұсылман қоғамының басқа халықтар мен мәдениеттердің жетістіктерін құрметтеуі болды. IX-XI ғасырларда математика, физика, астрономия, философия, география, медицина бойынша ең құнды еңбектер араб тілінен грек, парсы, үнді тілдеріне аударылды. Халифаттың астанасы Бағдатта «Дарул-Хикма» (Даналық үйі) деп аталатын ғылым орталығы құрылды. Мұсылмандармен бірге онда христиандар, яһудилер, парсылар, гректер, сириялықтар, еврейлер және басқа да халықтардың өкілдері жұмыс істеді. Мұсылмандар ежелгі әлемнің ғылымын жандандырып, оны жетістікке айналдырды және Батыс Еуропада ғылыми ойдың дамуына ықпал етті.

Басқа халықтардың ғылыми жетістіктерін игере отырып, мұсылман ғалымдары көптеген ғылымдарды дамытуда бұрын-соңды болмаған табыстарға қол жеткізді.

Постклассикалық кезеңде де ғылым-білім басым беделге ие болып, жаратылыстың ақиқатын белгілі бір мұғжизалар (кереметтер) арқылы таныту танымал бола бастады. Осындай мұғжизалардың бірі — дін таратуда немесе дін канондарын түсіндіруде ерекше танылған, қастерлі сипатқа ие болған әулие-әмбиелер.

Классикалық ислам дінге сенушілер мен Жаратушы арасындағы рухани байланыс тікелей болады деп есептейді. Десек те, этнологияда «Исламдағы киелілер культі» деген ұғым кездеседі. Исламдағы киелілер культі (араб. تقديس الأولياء) пұтқа табынудың ықпалымен жергілікті жердегі дінге сенушілердің белгілі бір дәрежедегі сенімін білдіреді. Исламда әулиелерді канондау тәжірибесі жоқ, ал шын мәнінде адамды немесе мифтік кейіпкерді халық өз қалауы бойынша құрметтеп отырған.

Іргелі діни феномендердің бірі бола отырып, киелілік іс жүзінде барлық діни жүйелерде кездеседі. Әрбір мәдени-діни ортада бұл феноменнің өзіндік түсінігі мен пайымдауы бар. Исламдағы киелілік феноменін түсінуге келгенде, мұсылман дінінің өмір сүру ерекшелігін түрлі діни бағыттардың кешені ретінде ескерген жөн. Теологиялық категорияларды (күнә, ізгілік, еркіндік, алдын ала болжау, жеке жауапкершілік және т.б.) түсіндіру барысында мужтахидтар мен факихтар (дінтанушылар) Исламдағы киелілік феноменін түрліше түсіндіреді. Бұл түсініктер кей жағдайларда қарама-қарсы да болуы мүмкін. Исламда «киелі» деген термин жоқ. Бірақ Алланың 99 есімінің ішінде «Әл-Қуддус» — киелі деген есім кездеседі. Сонымен қатар Құран мен хадистерде «Рух аль-Қуддус» — киелі рух туралы айтылады. Мұны сүнниттер Жебірейіл періште десе, шииттер «Жебірейілден ұлы басқа бір жаратылыс» дейді. Ал адамдардың киелілігіне келсек, исламда оларды «уали» деп атайды (құдайға жақын, құдайға ерекше лайықты адам). Бұл құбылыс, көптеген зерттеушілердің пікірінше, арабтардың исламға дейінгі политеизмінен және суфийлік мистикалық бағытты қалыптастырған ерте исламдағы аскеттік қозғалыстан туындайды. Оны ислам діни мәдениетіндегі әулиелерді құрметтеудің идеологиялық негізі деп атауға болады.

Исламдағы киелілер культі феноменін зерттеу XIX-XX ғасырдың басында басталады. Бұл мәселеге бірінші болып «Исламдағы киелілер культі» атты толыққанды монографияны арнаған көрнекті шығыстанушысы Игнатий Гольдциер (1850-1921) болды. Ғылымда оның «әулиелерді құрметтеу исламның ішінде жеңілген діндердің аман қалған қалдықтары» деген жалпыға танылған тұжырымы болды. 1890 жылы неміс тілінде, ал 1938 жылы ғана КСРО-ға орыс тіліне аударылған осы зерттеуден әулиелерге табынудың түрлі аспектілеріне ғылыми қызығушылық кезеңі басталады. Кеңес дәуірінде жұмыс істеген ең ірі экспедициялардың бірі — С.П. Толстовтың (1907-1976) басшылығымен Хорезм археологиялық-этнографиялық экспедициясы бізді қызықтыратын тақырып бойынша этнографиялық материалдарды жинады. Академик С.П. Толстовтың ғылыми жетістіктері оның 16 томдық еңбектерінде көрініс тапты.

Әлемдік діндер арасында тек ислам ғана әуелден-ақ пұтқа табынуға («джахилийя»), сол сияқты әулиелерге, «қасиетті орындарға» барып, табынуға үзілді-кесілді қарсы болды. Осылайша ол мұсылман қауымына бұлай жасамауды ескертті. Алайда оның тыйым салулары пұтқа табыну ғибадаттарынан бастап монотеистік түсініктерге дейінгі діни сана эволюциясының объективті үрдісін бұза алмады. Бұл туралы исламтанушылар киелі деп санаған адамдар мен орындарды құрметтеу ислам дініне дейінгі политеизмнің діни тәжірибесінен қалғандығын айтады. Осылайша ислам ежелгі тәжірибеге

өзінің идеологиясы тұрғысынан жаңа түсінік берді. Сөйтіп, барлық тыйымдарға қарамастан, мұсылмандар өздерінің дәстүрлі киелі нысандарына жаппай баруды жалғастырды. Канондық тұрғыдан «заңсыз» саналатын «киелі жерлер» әлемдік исламда бар және олардың нақты ғылыми анықтамасы да айтылды. Осыған байланысты исламтану саласында «зиярат» термині пайда болды. «Зиярат — жергілікті діни сенімдердің әсерінен исламда салыстырмалы түрде кейінірек пайда болған құбылыс. Исламға дейінгі культтерге қатысты табыну орындарының сабақтастығы мен салт-дәстүрлердің сипаты, сондай-ақ ислам елдерінде таралған зиярат салттарының саналуандығы осы құбылыс арқылы негізделген. Зиярат тәжірибесі бастапқы исламға қайшы келеді және ұзақ уақыт бойы беделді дінбасыларының қарсылығын тудырды. Осыған қарамастан бұл құбылыс әлі күнге дейін өзекті саналады» [6; 83].

Атақты исламтанушы А. Мюллер көптеген ғасырлар бойы зиярат етушілер әулиелердің бейітін киелі санап, сонда баратын деп жазады [7; 286]. К.С. Васильцев көптеген зерттеушілер киелілер культін «халықтық ислам» діни аясында қарастыратынын айтады [8; 55]. Біз бұл пікірлермен келісеміз, дегенмен, киелі орындар ретінде тек әулиелердің мазары, бейіті не олардың құрметіне салынған ескерткіштер мен кесенелер, белгілер ғана емес, бұлақ, құдық сияқты табиғат нысандары да саналғанын айтып кетуіміз керек. Сондықтан біз бұл зерттеуімізде мұсылмандардың киелі орындарын пұтқа табынудан, тәңіршілдіктен бері қарай келе жатқан және исламда қасиетті саналатын қастерлі орындар деп екіге бөліп қарастырамыз.

Әулиелерді құрметтеу, оларға табыну Орталық Азия халықтарының өмірінде маңызды діни дәстүр болып, адамдар үшін маңызды көптеген функцияларды атқарып келеді. Бұл табынудың генезисі мен тарихи дамуын бірқатар көрнекті ғалымдар зерттеді, бұл ретте бұл табынудың қазіргі уақытта жекелеген мазарларда қалай қолданылатынына, оның әлеуметтік-мәдени функциялары мен динамикасы қандай екендігіне байланысты кейбір мәселелер назардан тыс қалып отыр. Бүгінде Орталық Азияның посткеңестік кеңістігінде түрлі әлеуметтік статустағы адамдар арасында мазарларға зиярат етудің көбейгені байқалады. Бұған бірінші кезекте діни ренессанс ықпал етті. Өңірдегі саяси жағдайдың өзгеруімен бірге адамдар өздерінің діни сезімдерін көрсетуге мүмкіндік алды. Көптеген ғибадат орындарының айналасында қазіргі заманғы туристік инфрақұрылым құрылуда. Сонымен қатар тарихи тұлғаларды еске алуға арналған мемориалдарда мұражайлар ұйымдастырылған. Осылайша, біз бүгінде әулиенің бейітіне баруға тек діни қажеттілік ғана емес, әлеуметтік өзара іс-қимылға деген зайырлы қажеттілік те түрткі болатынын көріп отырмыз. Мазарға зиярат ету тек діни ғана емес, әлеуметтік-мәдени актіге де айналуға.

Мазарларды құрметтеп, оларға зиярат етуге (араб. تعظيم القبور - та 'зим әл-қубур), табынуға және олардың жанда түрлі салт-жоралғылар жасауға ислам дінінің жаңа таралған кезінде тыйым салынған болатын. Алайда уақыт өте келе бұл әрекеттер көптеген мұсылман қауымдарының тұрмысының ажырамас бөлігіне айналды.

Біздің ойымызша, киелілер культінің мұсылмандар арасына сіңіп кетуі олардың ата-бабалары ұстанған бұрынғы діннің әсері. Зерттеуші А. Суворова «Исламда ешқашанда киелілік ресми заңдас-тырылмаған», – дейді [9; 45]. Оның пікірінше, әулиелер жерленген мазарлар өз мешіті бар ритуал жасайтын орындарға айналған. Біріншіден, «мазар» сөзі арабшадан аударғанда «сыйынатын орын» деген мағына береді. Киелі орынға бару мен оған сыйыну екі түрлі нәрсе. Мағынасы басқаша, айырмашылығы үлкен ұғымдар. Екіншіден, мамандардың айтуынша, киелі жерлерде кесене де, зиярат етушілерге арналған орын да болмайды. А.В. Суворованың «Ислам каноны бойынша бейіт дұға жасайтын жер емес» деген пікірі зерттеушілер арасында дау туғызды. Сирия шейхы ан-Науауи өзінің «Рийяд ас-Салихан» атты хадистер жинағында пайғамбарымыздың «мен бұрын бейіттерге баруға тыйым салғанмын, ал енді ол жаққа барындар» деген хадисін келтіреді.

Мұсылмандардың қажылық парызын өтеуі барысында діни ритуал болмаса да Мединадағы пайғамбарымыздың бейітіне баратынын білеміз. Олар онда пайғамбар рухына дұға жасайтыны белгілі. Өйткені Медина мешітіндегі пайғамбар бейіті мұсылмандар үшін киелі, қастерлі саналады.

Әулие-әмбиеге, олар жерленген мазарлар мен кесенелерге, бейіттерге зиярат жасап, белгілі бір дәрежеде оларға сыйыну — ата-бабаларымыз ұстанған бұрынғы діннің элементтері болғанымен, бұған ислам діни тыйым салмайтынын жоғарыда айттық. Орта Азия мен Кавказдағы исламға дейінгі киелі саналған орындар кейіннен ислам дәстүріне бейімделді. Өйткені ислам бұл аймақтарда таралған уақытта бұрыннан келе жатқан конфессиялармен қатар дамып, қатар қолданылып, уақыт өте келе бас дінге айналды. Сондықтан ислам халықтардың рухани тұрмысына біртіндеп енді. Ол ескі діннің элементтерін сақтай отырып, оларға жаңа ислами мазмұн беріп, синкретизм арқылы орнықты. Киелі

деп санаған әулиелерге сыйыну, олардың бейіттеріне барып, әруақтарға бағыштап дұға жасау, шырақ жағу сияқты ғұрыптар осыған дәлел.

Әулиелерді құрметтеумен күнделікті тұрмыс қана емес, ислам орныққан түрлі елдердің қоғамдық және саяси өміріндегі елеулі оқиғалар да байланысты. Ислам — діни дүниетаным ғана емес, көптеген мәселелерге ғылыми және қоғамдық қызығушылықты арттыратын, исламның ұстанымдары мен діни ерекшеліктерін жақсы түсінуге көмектесетін өркениеттің бір түрі.

Қазіргі уақытта да әулиелерді құрметтеу ислам дінін ұстанатын халықтардың діни тәжірибесінде елеулі орын алады. Дегенмен, біз ислам каноны бойынша бейіт басына барып, дұға жасап, сыйынуға болатынын, бірақ әулиелерді киелі санағанымызбен оны культке айналдырып, оларға жаратушымен тең дәрежеде сенуге, сыйынуға болмайтынын көреміз.

Қорытынды

Адамзат тарихының дамуы халықтың білім беру саласы мен зияткерлік әлеуеті өркениеттердің, мемлекеттердің қолайлы өмір сүруіне, олардың тіршілік тұрақтылығына елеулі әсер ететінін байқауға мүмкіндік береді. Ақыл-ой, рационалдықпен қатар білім мәселесі философияның «мәңгілік» проблемаларына жатады. Бұл тақырыптың өзектілігі исламның мұсылман — «діндар» ғана емес, сонымен қатар «білімді» адам деген қағидасымен де байланысты. Осыған орай серпінді сана, белсенді өмірлік ұстаным, тұлғаның үздіксіз өзін-өзі жетілдіруі адамзатты екі дүниенің құпия сырларын білу үшін өмір бойы оқуға алып келді.

Ислами діни білім — жай уақыт өткізу үшін бір нәрсемен айналысу немесе дәстүр емес, ол ғибадат. Ислам әлемінің танымал ғалымы Ибн Шихаб аз-Зухри: «Білім алудан артық ғибадат жоқ», — деген. Ислам пайда болған кезден бастап білімнің екі түрін: жаратушы берген және дүниауи деп бөліп көрсетті. Аты айтып тұрғандай, біріншісі — жаратушыдан болса, екіншісі — адамдардың өздері анықтайтын білімі. Ислам білімнің бұл екі түрін де өмірлік маңызды деп санап, адамдарды білім алуға шақырады. Мұсылман әлеміндегі білімнің өркендеуіне белгілі бір дәрежеде мұсылман дінінің өзі ықпал етті. Құран танымдық қызметтің негізгі алғышарты әлемнің дұрыс жүйеленуі мен әділетті заңдылығы туралы ой екенін атап көрсетеді. Исламның рухани-адамгершілік әлеуеті қоғамдық моральдің жалпы қабылданған құндылықтарын қолдайтын идеялармен мазмұндас. Ислам қоғамында ізгілік пен әділеттілік сияқты моральдық категориялар, ғасырлық мәдениет, дәстүрлер, адамгершілік және рухани құндылықтар басымдыққа ие. Осыған орай мәдениет пен ғылыми білім тұрғысынан келгенде, ислам өркениетіндегі қоғамның негізгі міндеті — адамның интеллектуалдық әлеуетін сақтау әрі оны дамыту. Сондықтан білім тарихтың әлеуметтік контексіне еніп, адамның ойлау жүйесі мен іс-әрекетін өзгертетін дамудың нәтижесі болғандықтан мәдениет феномені болып есептеледі.

Қазіргі уақытта «білім» ұғымы негізгі гносеологиялық категориялардың біріне жатады. Білімді алу және негіздеу тәсілдерін, оның элементтерінің функцияларын, растау және теріске шығару әдістерін талдау орынды. Алайда, танымның философиялық теориясы білімді неғұрлым кең көзқарас тұрғысынан қарастырады. Білімді оған қатысты сыртқы нәрсеге, сыртқы әлемге немесе адам қызметіне қатысты дей отырып, аталмыш ұғымды ғылым философиясының шеңберінен асырып зерттейді. Осыған байланысты білімді бүкіл адами қоғам шеңберінде әрекет ететін функционалдық жүйе түрінде іске асырылатын күрделі әлеуметтік-мәдени феномен ретінде қарауға болады.

Орта Азия мен қазіргі Қазақстан жерінде VII-VIII ислам дінінің енуіне білім ордаларының да әсері болды. Қазба ескерткіштері де қалалық мұсылмандық мәдениет қалыптасқандығын айтады. Ресей патшалығы мұсылман оқуларына қатаң талап қойылғанымен қазақ балалары Уфадағы «Ғалия» медресесінде, Орынбордағы «Хусаиния», Троицкідегі «Расулия», «Уазифа» медреселерінде оқып, араб тілі, грамматика, синтаксис, этимология, философия, логика, математика, география, астрономия, химия, жаратылыстану сияқты дүниелік ғылым мен Құран оқу, дін ілімі мен заңтану секілді білім ілімдерін игерді. Сол кездегі медреселер, яғни оқу орындары Құрандағы құндылықтарды т.б. ілімдерді қоса меңгертіп, Құранмен бірге Мұхаммед пайғамбарымыздың хадис-сүннеттерін үйретіп, білім мен ғылымды игерудің ошағына айналды. Ә. Дербісәлі былай деп жазады: «Ислам орта ғасырларда қазақ даласында исламның таралуында басқарушы династияның рөлі үлкен болса, исламдық мәдениет нормаларының сіңуіне қалалар мен қорғандар, камалдар мен кенттердің ірге тасын нығайтып қана қоймай, өзге де шаһарлардың ірге тебуіне ықпал етті. Исламды уағыздайтын мешіттер мен медреселер, ғылым-білім ошақтары бой көтерді» [10; 7]. Орта Азияда бірнеше ғасыр бойы ғылым мен білім тілі болды. Ислам қай кезеңде де өзінің тұрақтылығы мен өміршеңдігін дәлелдеген дін. Білім

мен ғылымның, мұсылман дүниетанымының исламнан бастау алып, ислам құндылықтарының санада берік бекігенін байқап келеміз.

Ислам мәдениетіндегі білім культі арқылы қалыптасқан гуманизмнің үш негізгі аспектісі айқындалды:

1. Адамды жаратылғандардың ішіндегі ең жоғарысы деп санайтын діни гуманизм;
2. IX ғасырда қалыптасқан, кейіннен XVI ғасырдағы Еуропаға тән Humanitas идеясымен мазмұндас жалпыға бірдей игілік үшін адамның физикалық, адамгершілік және ақыл-ой қабілеттерін дамыту идеясына сәйкес келетін адабтық гуманизм;
3. Анағұрлым тұжырымдалған философиялық гуманизм. Оның мәнін Әбу-Хайян ат-Таухиди «Адам адам үшін проблемаға айналды» деп сипаттайды.

Құранның негізгі идеясы — адамның жоғары мақсатын мойындауға және бүкіл адамзатты біріктіруге, билік пен қоғамдық қарым-қатынаста әділеттілік орнатуға, адамдардың танымдық әрекетіндегі қызығушылығын дамытуға бағытталғанын баса айту керек. Сонымен қатар ислам пайда болғанға дейінгі кезеңде қазіргі мұсылман халықтарының өздері өмір сүрген территориясына қарай аймақтық діни моделінің болғандығын да жоққа шығара алмаймыз. Исламдық философия жалпы әлемдік адамзаттық санаға, жалпыадамзаттық парасатқа жүгінетін халықтың рухани негізі болып табылады.

Мақала ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің гранттық қаржыландыруымен №АР14870690 «Сыр өңірінің киелі орындары мен ислам құндылықтарының әдебиеттанымдық ерекшеліктері» атты жоба аясында жүргізілді.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Ефремова Н.В. Универсалистская интенция фальсафы / Н.В. Ефремова // Ислам в современном мире. — 2017. — № 13(4). — С. 167–186.
- 2 Абу Хамид Мухаммад аль-Газали ат-Туси. «Ихйа' 'улум ад-дин» Возрождение религиозных наук / Абу Хамид Мухаммад аль-Газали ат-Туси. — М.: Изд. дом «Нуруль Иршад», 2007. — 585 с.
- 3 История арабо-мусульманской философии: учеб. и антология / под ред. А.В. Смирнова. — М.: Академический проект; ООО «Садра», 2020. — 623 с.
- 4 Исламская цивилизация в глобализирующемся мире / отв. ред. В.Г. Хорос; по материалам конференции. — М.: ИМЭМО РАН, 2011. — 336 с.
- 5 Роузентал Ф. Торжество знания: Концепция знания в средневековом исламе / Ф. Роузентал; пер. с англ. С.А. Хомутова. — М.: Наука, 1978. — 371 с.
- 6 Корбен А. История исламской философии / А. Корбен; пер. А. Кузнецова. — М.: Изд-во «Садра», 2023. — 484 с.
- 7 Мюллер А. История ислама. От доисламской истории арабов до падения династии Аббасидов. — Т. 1–2. / А. Мюллер; пер. Н.А. Медникова. — М.: АСТ; Астрель, 2006. — 912 с.
- 8 Васильцов К.С. «Избранные Богом»: понятия «святой» (вали) и «святость» (валайа) в учении ал-Хакима ат-Тирмизи и доктринах шиитов-имамитов / К.С. Васильцов // Исламоведение. — 2018. — № 4. — С. 53–64.
- 9 Суворова А. Индийская гробница / А. Суворова // Наука и религия. — 2000. — № 8. — С. 45–47.
- 10 Дербісәлі Әбсәттар қажы. Қазақстан мұсылмандарының діни басқармасы / Әбсәттар қажы Дербісәлі. — Алматы, 2003. — Б. 7.

Г.А. Камишева, Г.С. Оралова, А.Т. Тулебаева, Н. Ыылдыз

Статус и ценность образования в религии Ислам и культ сакральности

В статье на основе приводимых аргументов и конкретных примеров сделан вывод, что мусульманская модель образования основана прежде всего на Коране и Сунне, а также на научных и теоретических достижениях ранних мусульманских мыслителей. Ученые связывают целостность человеческой жизни с философским, культурологическим, этическим, развивающим единством науки и знания. Авторами раскрыта и проанализирована суть ценностей Корана, ставших основой образования и науки в исламской философии. Педагогическая система образования и обучения в Исламе изучает формирование личности, воспитание и образование человека любого возраста в рамках культурологии, религиоведения. Конечной целью образования в Исламе является формирование нравственности. Понятие «адаб» охватывает духовную и материальную сущность человека, его социальные отношения. Ученые трактуют это понятие как достойное поведение, которое формируется на основе знаний из источника мудрости (хикмат), и считают, что становление и развитие высших качеств защищает человека от совершения ошибок. В этом заключаются основные принципы системы образования и науки в религии

Ислам. В статье с реформаторско-модернистской точки зрения определяются и анализируются ценности и институты Ислама, имеющие отношение к базисным аспектам классического периода мусульманской цивилизации. Авторами статьи проанализирована проблема отношения к культу святых и сакральным местам в постклассическом Исламе, а также история развития образования в Исламе и основные принципы науки на современном этапе. В статье отмечено, что роль духовных школ и исламское мировоззрение ученых относятся к числу духовных сокровищниц.

Ключевые слова: Ислам, Коран, понятие «адаб», знания, философия науки, святые, мазар, медресе, сура, аят.

G.A. Kamisheva, G.S. Oralova, A.T. Tulebayeva, N. Yildiz

The status and value of education in the religion of Islam and the cult of sacredness

The article, based on the arguments and specific examples, concludes that the Muslim model of education is based primarily on the Koran and Sunnah, as well as on the scientific and theoretical achievements of early Muslim thinkers. Scientists connect the integrity of human life with the philosophical, cultural, ethical, developmental unity of science and knowledge. The article reveals and analyzes the essence of the values of the Koran, which have become the basis of education and science in Islamic philosophy. The pedagogical system of education and training in Islam studies the formation of personality, upbringing and education of a person of any age within the framework of cultural studies and religious studies. The ultimate goal of education in Islam is the formation of morality. The concept of “adab” covers the spiritual and material essence of a person, his social relationships. Scientists interpret this concept as worthy behavior, which is formed on the basis of knowledge from the source of wisdom (hikmat) and believe that the formation and development of higher qualities protects a person from making mistakes. These are the basic principles of the system of education and science in the religion of Islam. From a reformist-modernist point of view, the article defines and analyzes the values and institutions of Islam related to the basic aspects of the classical period of Muslim civilization. The authors of the article analyze the problem of attitude towards the cult of saints and sacred places in post-classical Islam, as well as the history of the development of education in Islam and the basic principles of science at the present stage. The article notes that the role of theological schools and the Islamic worldview of scientists are among the spiritual treasures.

Keywords: Islam, Koran, concept of adab, knowledge, philosophy of science, saints, mazar, madrasah, sura, verse.

References

- 1 Efremova, N.V. (2017). Universalistskaja intentsiia falsafy [The universalist intention of falsafa]. *Islam v sovremennom mire — Islam in the modern world*, 13(4), 167–186 [in Russian].
- 2 Abu Khamid Mukhammad al-Gazali at-Tusi. (2007). «Ikhia' 'ulum ad-din» Vozrozhdenie religioznykh nauk [“Ikhya” “ulum al-din” The Revival of religious sciences]. Moscow: Izdatelskii dom «Nurul Irshad» [in Russian].
- 3 Smirnova, A.V. (Ed.). (2020). Istoriia arabo-musul'manskoi filosofii: uchebnik i antologiiia [The History of Arab-Muslim philosophy: Textbook and Anthology]. Moscow: Akademicheskii proekt; OOO «Sadra» [in Russian].
- 4 Khoros, V.G. (Ed.). (2011). Islamskaia tsivilizatsiia v globaliziruiushchemsya mire [Islamic civilization in a globalizing world]. *Po materialam konferentsii — Based on the materials of the conference*. Moscow: IMEMO RAN, 3336 [in Russian].
- 5 Rouzental, F. (1918). Torzhestvo znaniia: Kontseptsiiia znaniia v srednevekovom isleme [The Triumph of Knowledge: The Concept of Knowledge in Medieval Islam]. (S.A. Khomutova, Trans). Moscow [in Russian].
- 6 Korben, A. (2023). Istoriia islamskoi filosofii [The History of Islamic Philosophy]. (A. Kuznetsova, Trans). Moscow: Izdatelstvo «Sadra» [in Russian].
- 7 Miuller, A. (2006). Istoriia islama. Ot doislamskoi istorii arabov do padeniia dinastii Abbasidov [The history of Islam. From the pre-Islamic history of the Arabs to the fall of the Abbasid dynasty]. Moscow, I–II [in Russian].
- 8 Vasil'tsov, K.S. (2018). «Izbrannye Bogom»: poniatiiia «sviatoi» (vali) i «sviatost» (valaia) v uchenii al-Khakima at-Tirmizi i doktrinakh shiitov-imamitov [“Chosen by God”: the concepts of “holy” (Wali) and “holiness” (valaya) in the teachings of al-Hakim at-Tirmizi and the doctrines of Shiite Imamites]. *Islamovedenie — Islamic Studies*, 4, 53–64 [in Russian].
- 9 Suvorova, A. (2000). Indiiskaia grobnitsa [Indian tomb]. *Nauka i religiiia — Science and Religion*, 8, 45–47 [in Russian].
- 10 Derbisali Absattar qazhy. (2003). Qazaqstan musul'mandarynyn dini basqarmasy [Spiritual administration of Muslims of Kazakhstan]. Almaty [in Kazakh].

Information about the authors

Kamisheva G.A. — Candidate of Pedagogical Sciences, Professor, Korkyt Ata Kyzylorda University, Kyzylorda, Kazakhstan;

Oralova G.S. — Candidate of Philological Sciences, Professor, Korkyt Ata Kyzylorda University, Kyzylorda, Kazakhstan;

Tulebayeva A.T. — Master-senior teacher, Korkyt Ata Kyzylorda University, Kyzylorda, Kazakhstan;

Yildiz Naciye — PhD, Professor, University of Haci Bayram Veli, Ankara, Turkey.

Buketov University